	таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, зейінін дамыту. Салауатты өмір сүруге дайындау. **Ойын**: ***«Маған қарай жүгір».*** **Мақсаты:** тікелей Бағытта жүгіруге жаттықтыру, зейінін дамыту. Дидактикалық ойын: **«Қарама-қарсы сөздер»** Мақсаты: антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. Ойыншылар саны: барлық топ. Құрал-жабдықтары: доп, карточкалар. Мақсаты: тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек. Мысалы: тәрбиеші: «үлкен» десе, бала «кіші» деп, «биік» десе «аласа» деп жауап береді.	1. Балаларды музыкамен қарсы алу. 2. Музыка тыңдау. Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. 3. Би: «Шөжелер» биін таныс би қимылдарымен билету. 4. Ойын: Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады Дидактикалық ойынның атауы: «Құстарды ажырат» Білім беру саласы: Қатынас Бөлімі: Тіл дамыту Мақсаты: Дала құстары мен үй құстарын ажырата білуге үйрету, балалардың сөздік қорын құс атауларын білдіретін сөздермен толықтыру. Құрал-жабдықтары: Құстардың суреттері Ойынның барысы: Дала құстары мен үй құстары бейнеленген суретті екі топқа бөліп орналастырады, олардың қайсысы дала құсы, қайсысы үй құсы екенін айтады.	түйме, ұзын, қысқа, тазалау **Сөз тіркесі:** Шашымды тарақпен тараймын, бетімді, қолымды жуамын, сүртемін, тазалық сақтаймын **Тәрбиеші:** Балалар, деніміз сау болуы үшін өзін-өзі күтеді. Жазы, қысы шынығады. Егер сендер де тазалықты сақтап, денелеріңді шынықтырсыңдар, шипалы өсімдіктерді пайдалансаңдар салауатты өмір сүресіңдер Балалар, сонымен бірге адам күшті, дені сау болу үшін қандай тағамдар ішу керек. Дұрыс айтасыңдар дәрумендері көп тағамдар ішу керек. Ондай тағамдарға нелер жатады? Жеміс- жидектер, көкөністер, сүт, айран, ет тағамдары, қымыз, шұбат. Бұл тағамдарды ішсек, біздің бойымыз өседі, күшіміз көбейеді және ақылды боламыз. **Ойын: «Не жоқ?»** тазалыққа қажетті заттарды жасыру. Дид актикалық ойын «Жылдам ойлан» Міндеті: Ұл бала мен қыз бала ойнайтын ойындарын ажыратуға үйрету. Ойнаушылар саны: 8 бала Құралдар жабдықтар: ұл бала, қыз бала суреттері, карточкалар	шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. **Міндеттері:** сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз іс- әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу. Зейінін дамыту, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, жинақылыққа тәрбиелеу, спортзалда өтетін жаттығуларға сергек көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру. **Ойын: *«Ең жылдам».*** **Мақсаты**: тікелей бағытта жүгіруге үйрету, жылдамдықты дамыту Балалар өз болжамдарын айтады: Далада жаңбыр жауып тұр, күн суыта бастады, салқын жел соғып, сарғайған жапырақтар жерге түсіп жатыр. "Жылдың қай мезгілі?» Дидактикалық ойын: балаларды өлеңдегі немесе прозадағы табиғат сипаттамасын жылдың белгілі бір уақытымен байланыстыруға үйрету; есту зейінін, ойлау жылдамдығын дамыту Ойын ережесі: картаны балалар жыл мезгілдерін	ойын тапсырмалары бойынша қуыршақтарды қолдану арқылы сапқа бір қатарға тұра білуді бекіту. Қуыршақты құшақтай жүріп, қырға баспалдақпен көтерілгенде және төмен қарай сырғанағанда тепе-теңдікті сақтай білуді үйрету. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, денешынықтыру сабағына қызығушылықты арттыру. **Ойын: *«Күліше нан».*** **Мақсаты**: шеңбер бойына сапқа тұруға жаттықтыру, шеңберді айнала жүруге, ойын ережелерін орындауға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Кім зейінді?»** **Мақсаты*:*** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың, байқағыштық қасиеттерін дамыту. **Ойыншылар саны:** барлық топ. **Мақсаты:** тәрбиеші балаларға әр-түрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді. Тәрбиеші балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша, не асықтар үлестіріп отырады.

			Ойын барысы: Ұл бала, қыз бала суреттеріне қыстырғыш арқылы тиесілі жеке заттарын ажырата отырып орналастыру.	дұрыс атағаннан кейін ғана көрсетуге болады. Ойын барысы: Педагогтің карточкаларында жылдың әр мезгілі туралы қысқа мәтіндер жазылған. Мәтіндер араласады. Тәрбиеші: "бұл қашан болатынын кім біледі?»	Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Пошташының жұмысын бақылау.** Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).** Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір".** Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруге үйрету; ағаштардың атауын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсаты: серуендеуден эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру.	**Аула сыпырушының жұмысын бақылау.** Мақсаты: сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау).** Мақсаты: қоқысты белгілі бір жерде жинау қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр".** Мақсаты: ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту; **Өзіндік еркін ойын әрекеттері,**	**Сауысқанды бақылау.** Мақсаты: күздің басындағы құстардың тіршілігі туралы білімдерін байыту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқысты белгілі жерге жинау).** Мақсаты: балаларды тырнауыш және сыпырғышпен жұмыс істеуге үйрету, өз жұмысының нәтижесін көру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр".** Мақсаты: әртүрлі бағытта жүгіруді үйрену. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, шеңбер бойымен жүгіріп, белгіге тоқтауға үйрету.**	**Күзгі жаңбырды бақылау.** Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау)** Мақсаты: еңбексүйгіштікке, еңбек етуге деген құштарлыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары қарай секіру", "Шеңбер бойымен".** Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Батыл**	**Мысықты бақылау.** Мақсаты: мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқан".** Мақсаты: кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.** **Ұлттық ойын: Ақсерек-көксерек.** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан ұстап тұрады.Ара қашықтық 20-30 қадам. 1- ші топ. Ойынды бастайды Ақсерек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек –ау ақ серек

		қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: кеңістіктегі және уақыттағы бағдарды жақсарту.		**балалар" ойын**ы. Мақсаты: жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.	Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек
Серуеннен оралу	Балалардың серуеннен оралған соң сырт киімдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу, өз беттерінше шкафқа салуды үйрету Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.				
Түскі ас	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті).** **Көркем сөз:** Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (коммуникативті әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (коммуникативтік әрекет).				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***Салауатты өмір салты*** туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. ***Кілемшемен жүргізу*** ***Жалпы дамытушы жаттығулары*** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар ***Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру*** ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. **Көркем сөз:** **<u>2.Гимнастикалық жолдан жүру</u>** Тырысамыз, тырысамыз Денсаулықты нығайтамыз Аяқ, қол мықты болып Май табаннан арыламыз. (3 мин)				
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету** Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту. **Көркем сөз:** Ас адамның — арқауы. Нан — тамақтың атасы Ынтымақ — көптің батасы. Тамақтың қадірін білуге үйрету				

Балалардың дербес іс-әрекеті (Қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дидактикалық ойын: **«Сөз ойла , көп ойла»** Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін байқау мақсатында қай әріптің жоғалғандығын аңғарту. Зеректікке, қырағылыққа тәрбиелеу. Ойнаушылар саны: Барлық бала. Құрал-жабдықтары: Әріп бейнеленген карточка Ойынның барысы: Балалар екі топқа бөлініп отырады. Ойын бастаушы қолына «А» әрпін көрсетеді. Қай команда сөз көп ойлап тапса, сол команда жеңіске жетеді. **Ұлттық ойын:"Киіз үйіміз әдемі"** **Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының киіз үйімен таныстыру, оның құрылысын түсіндіру және ұжымдық жұмысқа баулу. Құрастыру Сурет салу Жапсыру **Ойын барысы: «Киіз үй»** Балаларға киіз үйдің суреттері көрсетіледі, оның бөліктері мен жабдықтары түсіндіріледі. "Киіз үй құрастырамыз" ойыны – қағаздан дайын элементтерді біріктіріп, желімдеу арқылы киіз үйдің моделін жасау. "Киіз үйді безендір" – балалар қағаздан ою-өрнектер қиып, киіз үйді сәндейді. "Шаңырақ" ойыны – балалар киіз үйдің жоғарғы бөлігін сурет салады.	**Дидактикалық ойын атауы:** «Кім тапқыр» **Мақсаты:** Сөздік қорларын байыту. Тіл сөздерді үйлестіру біліктерін қалыптастыру. **Ойынның барысы:** Әртүрлі заттар бейнеленген карточкалар шашылып жатады. Ойынға бір бала шығады. Тәрбиеші кез келген дыбысты айтып, сол дыбыстан басталатын суреті бар карточкаларды қалташаға орналастыруды және қалташаға салынған суреттерден қатыстырып сөйлем құрауды ұсынады. Мысалы: Өрік, өрмекші, өшіргіш Өрмекші өрмек тоқыды. Осылайша ойын келесі балалармен жалғаса береді.	Дидактикалық ойын: «Киіндіреміз» Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету; Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді таңдау дағдыларын қалыптастыру; Жыл мезгілдеріне байланысты карточкаларды пайдаланып, қай киімді қай мезгілге сәйкес кию керектігін айтады Тіл дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» **Ұлттық ойын. «Бәйге»** «Бәйге» - өте ертеден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Қолдан аттың шауып келе жатқан суреті қиылып, ламинатталған. Аттың ауыздығына жіп байланған, сол жіпті бала тез орап отырса ат алға жылжиды. Қай бала жылдамдық танытып тез ораса сол саланың аты озып, жеңіспаз атанады.	Дидактикалық ойын: «Жеміс бағына саяхат» Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бақта өсетіндіктерін ұғындыру; Күз сыйы және бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту; Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Шарты: Бақтағы ағаш суретіне жемістерді атай отырып орналастыру. Тіл дамыту	**Дидактикалық ойын:** «Кім тапқыр» **Мақсаты:** Сөздік қорларын байыту. Сөйлемде сөздерді үйлестіру біліктерін қалыптастыру. **Ойынның барысы:** Әртүрлі заттар бейнеленген карточкалар шашылып жатады. Ойынға бір бала шығады. Тәрбиеші кез келген дыбысты айтып, сол дыбыстан басталатын суреті бар карточкаларды қалташаға орналастыруды және қалташаға салынған суреттерден қатыстырып сөйлем құрауды ұсынады. Мысалы: Өрік, өрмекші, өшіргіш Өрмекші өрмек тоқыды. Осылайша ойын келесі балалармен жалғаса береді.
Балалармен жеке жұмыс	**Дид ойын «Менің үйім қайда?»** Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату, есте сақтау қабілетін дамыту.. Балалар алаңда еркін түрде аралас тұрады. . «Күн» деген тәрбиеші бұйрығы	**Дидактикалық ойынның атауы: «Кім жылдам?»** Мақсаты: Қоршаған әлемді танып білуге, спорт түрлері туралы түсінік беру, оларды атап, ажырата білуге үйрету,	**Геометриялық пішіндерді үйрету** Мақсаты: Балалардың ажырату, ойлау қабілеттерін дамыту.	**"Сиқырлы қалта"** **Мақсаты**: жиындарды екі қасиеті бойынша жіктеу қабілетін бекіту: түсі	**"Бір сөзбен ата"** Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі: үш затты бір сөзбен атау. Мен сөздерді атаймын, ал

	берілгенде балалар жүргізушінің көрсеткен қимылын жасайды, ал «Жаңбыр» деген қолдарындағы әріптің түсіндегідей шатырлы үйге қарай жүгіреді. **Амангелді Камшат** **Шмидт Милана**	ойлау қабілетін дамыту, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Балаларға спорт түрлерінің суреті салынған картиналар және соған ұқсас карточкалар беріледі, белгілері арқылы дәл сондай суретті табады, **Бектемисова Мадина** **Қуаныш Жанель**	Ойын: «Қай пішін екенін тап» Шарты: Пішіндерді көрсете отырып, мысалы; домалақ неге ұқсайды? Немесе үшбұрыш неге ұқсайды? т.б **Тілеген Дінмұхаммед** **Жумушева Айлин**	мен пішіні, өлшемі және пішіні; фигураны жанасу арқылы таба білуге үйрету; материалдар: тек үшбұрыштар, домалақ, төртбұрыш басқа заттар орналасқан. Балалар үшбұрыштарды басқа пішіндерді дорбадан алып, оларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша салыстырады үйрет **Келемжанова Данелия** **Жеңіс Тамерис**	сіз бәрін бір сөзбен атайсыз: үстел, орындық, диван, төсек-жиһаз қасық, кастрөл, табақ-ыдыс автобус, маршруттық такси, жүк көлігі-көлік таңқурай, құлпынай, көкжидек-жидектер раушан, түймедақ, жүгері гүлі-гүлдер **Серекбаева Айлин** **Сағынғали Медина**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Бақылау: Күз мезгілін бақылау** **Мақсаты:** балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. **Мақсаты**: Еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс.** **Көркем сөз:** «Күз» Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. **Қимылды ойын.** «Кептерді қуып жет» **Мақсаты:** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. **Ұлттық ойын: Сақина жасыру** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып	**Бақылау: Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. **Мақсаты**: Еңбекке баулу. (еңбек қызметі) **Көркем әдебиет бойынша көркем сөз:** «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау-бақша, Құлпыра қалды тау жақта. Қара бұлтты жел қуып Жөнеп берді аулаққа.	**Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. **Көркем сөз**: «Суық торғай» (С.Қалиев) Торғай-торғай тоңдың ба, Қарап қойып жай ғана, Тұра алмайсың орныңда? Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып, Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын **Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) **Қимылды ойын**3 «Ақ қоян» Еркін ойын **Ұлттық ойын: Орныңды тап.** Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүймелдеуімен	**Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. **Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау. **Мақсаты:** еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем сөз:** Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтай ма?»	**Құмдағы іздерді бақылау** Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. **Мақсаты:** еңбек сүйгіштікк тәрбиелеу. (еңбек қызметі) **Жұмбақ:** Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын, Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) (көркем әдебиет-коммуникативті қызмет) Жеке жұмыс: «Күз» тақпағын қайталап айту **Қимылды ойын**. «Жапалақтар» Еркін ойын

	тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.	**Қимылды ойындар.** «Түсті автокөліктер» Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.	билейді.Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек,орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу,би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар кайту.	(көркем әдебиет-әлеуметтік қызмет) **Қимылды ойын**. «Қасқырлар мен лақтар» Еңбек әрекеті	
Серуеннен оралу	Балалардың серуеннен оралған соң сырт киімдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу, өз беттерінше шкафқа салуды үйрету Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (Қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Еңбекке баулу" Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалануға, қайта орнына қоюға тәрбиелеу. **Шаттық шеңбері** Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. **Ұлттық ойын «Ою-өрнек құрастыру» Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру және эстетикалық сезімдерін дамыту. **Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі ою-өрнек суреттерін көрсетіп, олардың атауларын айтып береді (мысалы, қошқар мүйіз, гүл ою). Одан кейін балаларға өз беттерінше қағаздан немесе құмда ою-өрнек жасау ұсынылады	"Еңбекке баулу" Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. **"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға	"Еңбекке баулу" Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктерін дамыту Д\О. **«Түрлі-түсті жолақтар».** Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу	"Еңбекке баулу" Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. **"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру	"Еңбекке баулу" Балаларға белгіленген тәртіп бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгерту. **Күз" мезгілі туралы әңгімелесу.** "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу Баланы шығарып салу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес беру «Баланың тілдерін дамыту жолдары» **Аналар мектебі**	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Родничок» бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ.
Балалар жасы: 3- жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы-2025 -2026 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.10.2025	Сейсенбі 14.10.2025	Сәрсенбі 15.10.2025	Бейсенбі 16.10.2025	Жұма 17.10.2025
Қазан айы **Құндылық -Тәуелсіздік және патриотизм** **«Отанды сүю – отбасынан басталады»**					
Балаларды қабылдау	Сәлемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **«Менің Қазақстаным»** атты Қазақстан Республикасының әнұранын орындау; **Қазақстан Республикасының Рәміздеріне құрмет көрсету** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** **Баланың қауіпсіздік ережелерін білуі** Балаңыз қауіпсіздік ережелерін біле ме (от, су, жол қозғалысы)? Өзіне бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасайды? Қандай жағдайларда ата-анасына хабар беру керек екенін біле ме? **Кеңестер:** Қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Жолда жүру мәдениетін үйрету. "Егер адасып кетсең, не істейсің?" деген сұрақтарды талқылау. **"Балаға өз-өзіне сенімді болуды үйрету" Мақсаты:** Балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру. Балаға өз мүмкіндіктерін тануға көмектесу. Баланың өз мүмкіндіктерін бағалау және өз күшіне сену. Балаға мақсат қою және оған жету жолдарын көрсету. Табыстарды мадақтау мен баланың күш-жігерін бағалау.				
Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**"Апта күндері" Дидактикалық ойыны.** **«Апта күндері»** Мақсаты: апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету. **"Нан дастарханға қалай келеді?"** Мақсаты: бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; дикаршылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **"Балабақша ережесін**	**"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).** Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтасты руға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фото суреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. **"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.** Мақсаты: балалардың	**"Шәйнектен қандай «Сұйық құйылды?" жаттығуы.** Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайдыбіз	**Саусаққа арналған Жаттығу: "Сәлем".** Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоциялар дыдамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алғажаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен	**"Дойбы" үстел үсті «Жаңбыр жауғанда» ойыны.** Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын мақсаты. Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. **"Жаңбыр жауғанда" фонемо ырғақ жаттығуы.**

	сақтау" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты. Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу.	тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту) Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алды нұсқайды) (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова.	сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнек тенқандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқса суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қарашай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.** Мақсаты: жылдың төрт мезгіліретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілет терін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпай мын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. **"Адымдар" дамытушылық ойыны.**	("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) **"Қарама-қайшылық" жаттығуы.** Мақсаты: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағыпалған бала, ауырзатты айту қажет. Жауапбергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.	Мақсаты: балаларды Сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен сөйлеу секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)

			Мақсаты: балалардың сөздікқорларын кеңейтуге ықпалету, тілдерін дамыту. Екі топ бір-біріне қарама-қарсытұрады. Екітоптың арасынан бөлусызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптард ы қолдануға болады. Қажетсөзд і атап, бірадым жасау керек. Бөлусызығына бірінші жеткен топ жжеңіске жетеді		
Ертеңгілік жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығулар кешені: (15 – 31 қазан аралығы)** Мақсаты**:** саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). ҚР әнұранын орындау				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. ***Көркем сөз:*** *Тамақ ішер кезде біз* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені* *Елемейміз білмейміз*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту. Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды.	"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. Барысы: педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайн және т.б.)	"Құймақты жай" . Мақсаты: пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту. Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 5-ке дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше.	"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың ауыл шаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту. Барысы: балалар ауыл шаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды.	"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.
Сөздік минимум	**Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол.**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Негізгі қимылдар:** 4 метр қашықтыққа тіке бағытта еңбектеу. Аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір-біріне домалату, арақашықтық – 1 метр. **Мақсаты:** төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** белгіленген бағытты сақтай отырып еңбектеуге үйрету. 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір- біріне домалату әдісін бекіту, допты қолмен лақтыру күшін дамыту. Көз өлшемін, төзімділікті дамыту, достық қарым-қатынасқа, бірлесе ойнауға үйренуге тәрбиелеу. **Ойын:** ***«Шеңберге шапшаң тұр».*** - **Мақсаты:** бір бағытта жүгіруге жаттығу, зейінін арттыру, шапшаң қозғалысқа үйрету. **«Күзгі ғажайыптар» Көрмесі** **(**Аналар мектебі**)**	**Музыка** Міндетті: Баланы музыканың тамаша әнімен қуанту оның есту тәжірибесін толықтыру. Билингвальный компонент: күз- осень, әке -папа, ана – мама, мен - я 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. 2. Музыка тыңдау «Тұлпарым». 3. Ән айту «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету. 4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. .Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. .Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып . 5. Ойын: Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады. Музыка жетекшісі ширма артында аспапта ойнайды **«Алтын күз» ертеңгілігі**	**Қазақ тілі:** **Міндеті:** Балалардың отбасы туралы білімдерін одан әрі арттыру. Отбасын сыйлауға, құрметтеуге, ата-аналардың еңбектерін бағалауға тәрбиелеу. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрыс айтуға машықтандыру. **Сөздер:** отбасы, туыс, аға, іні, қарындас, сіңілі, бақытты, балалық, дәстүр, қария, жәрдем, тату, қыдыру, демалу. **Сөз тіркесі:** Туысым көп, бақытты бала, балалық шақ, тату отбасы, бірге қыдырамыз **Билигвальді компонент:**Отбасы-семья, ана –мама, әке – папа, іні – братишка, аға – брат, қарындас – **«Бір үйде біз нешеуміз?» д/ ойыны**. Саусақ ойыны: Бір үйде біз нешеуміз Кел, санайық екеуміз Бас бармағым атам, Балан үйрек әжем Ортан үйрек әкем Шылдыр шүмек анам Кішкене бөбек мен Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз.	**Дене тәрбиесі** **Негізгі қимылдар:** ені – 25 см, ұзындығы 2,5 метр тіке жолмен жүру Кез келген бағытта еңбектеу. **Мақсаты:** тіке жолмен жүруді үйрету(ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), ауданы шектелген заттың үстінде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді қалыптастыру. Кез келген бағытта еңбектеуге жаттықтыру.Ептілікті, икемділікті дамыту, мейірімділікке, жан-жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Ойын:** ***«Орныңды тап!».*** **Мақсаты:** зейінін арттыру, өз орнын шапшаң таба білу**.**	**Дене тәрбиесі** **Негізгі қимылдары:** ені – 20 см, ұзындығы 3 м ирек жолмен жүру Допты бір-біріне екі қолмен домалату (арақашықтығы – 1,5 метр). Жоғарыда ілініп тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру. **Мақсаты:** велосипед тебу дағдысын қалыптастыру. **Міндеттері:** тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып, шектелген тірек аумағында жүруге жаттықтыру. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдысын қалыптастыру. Ептілікті, жылдамдықты, зал кеңістігін бағдарлауды дамыту. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баулу.

	Сурет салу **ойын жаттығу;** **"Құрттар» дидактикалық ойыны** Мақсат. Балаларды жылы немесе суық түстер схемасын анықтауға, түстерді ашықтан қара түске дейін және керісінше орналастыра білуге үйрету. Материал: жылы және суық түстердің түрлі-түсті шеңберлері, құрт басының бейнесі. Ойын барысы. Балаларға ұсынылған шеңберлерден суық түсті (жылы) шынжыр табанды немесе жеңіл тұмсығы мен қара құйрығы бар шынжыр табанды (қара тұмсық пен жеңіл құйрық) құрттар жасау ұсынылады.	**Тіл дамыту** **Ойын жаттығу** Жатыр дала жалтылдап, Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып. тақпағын үйрету. **Ойын: «Қайда өседі?»** Жемістер мен көкөністердің қайда өсетінін, түрін, түсін ажыратуға баулу.	**Математика негіздері** **ойын жаттығу** Таңертең, күндіз, кеш тәулік бөліктерін атау және ажырата білулерін қалыптастыру; **Сөздік ойыны** Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы сөйлемді таңдайды. Ол сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды. (көлем туралы). Бұта аласа, ал ағаш...(биік).Бұлақ тар, өзен...(кең).Тәулік бөліктері туралы. Біз таңертең жаттығу жасаймыз, ал... түскі ас ішеміз. Біз кешке тамақ ішеміз, ал... жаттығу жасаймыз. Түнде біз ұйықтаймыз, ал... серуендейміз. Таңертең ертеңгілік ас ішеміз, ал... ұйықтаймыз. Күнді күндіз көреміз, жұлдызды...көреміз.	**Жапсыру** **ойын жаттығу** Балалар жіңішке жолақ қағаздардың әр түстерін таңдап, жапырақтарды үзіп қияды, көп жапырақ қиып алған соң оны ағаштарға орналастырады, қағазға жабыстырады. **Ойын: «Бағдаршам»** Мақсаты: түс сезімін дамытуды жалғастыру. Материал: карталар мен түрлі-түсті шеңберлер. Ойын барысы: балаларға картаға шеңберлер қою ұсынылады. "Әр түрлі заттарды құрастыру" Мақсаты: балалардың шығармашылығын дамыту. Материал: бөлінген заттардың суреттері және дайын карталар. Ойын барысы: балаларға кесілген картондардан дайын заттарды жасау ұсынылады.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** «Суреттерді қарап шығып, күздің бізге не сыйлағанын айтып бер. Күзгі жапырақтың суретін боя. Ол қай ағаштан үзіліп түсті екен?» **Қазақ тілінен ойын-жаттығу.** Д/о: «Бұл үйде кімдер тұрады?» **Мақсаты:** Отбасы мүшелері туралы білімдерін кеңейту. **Шарты:** Орманда үй, есікте құлып. Тук-тук-тук Тук-тук-тук Ата-ата сен бе? Ия, ия, ия Әже, әже сен бе? Ия, ия, ия Әке, әке сен бе? Ия, ия, ия Ана, ана, сен бе? Ия, ия, ия
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Күн-жылу мен жарық көзі.** Мақсаты: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?	**Желді бақылау.** Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. **"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.**	**Суды бақылау.** Мақсаты: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдірекеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жергесіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларын аөте қажетекендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.	**"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)".** **"Жаңбыр жауғанда" фонема-ырғақ жаттығуы.** Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.	**Суды бақылау.** Мақсаты: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру. Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау. Қыста суды шашыратқаны

	- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау. **Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.** Мақсаты: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.** Мақсаты: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.** "Шеңберді дәлде". Мақсаты: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ұлттық ойын. Соқыр теке** Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен	Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. **Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.** Мақсаты: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін	Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса – түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалы сойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: құм салғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.** Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала	Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.** Мақсаты: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау. **"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.	туралы бейне жазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау. Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. **Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару.** Мақсаты: еңбекқорлыққа, бастағанісін аяғына дейінжеткізебілуге тәрбиелеу. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіребілуге машықтандыру; қуыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Боялар" белгілі жердетізілі потырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынғ ақ іріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояудысатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін,

	құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады..	балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Кім жылдам?" қимылды жаттығуы.** Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсаты: белгіге дейін қосаяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу – балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, солтүсболыпөзінойлаған бала сыртқашығып, қашажөнеледі. Ал диалог ары қарайжалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасытағыбасқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанынкелісілген сан ретқағады да, "бояудықуалапкетеді. Егер "бояу" қашып, қайтыпкелсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **"Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекетету біліктіліктерін дамыту, оң және солқолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түстітануды жаттықтыру. **Өзбетіменеркін ойынәрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыскоординациясындамыту; негізгіқимылдардыорындаутәсілінжетілдіру; ойындарғасаналы қосылуға

					тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың серуеннен оралған соң сырт киімдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу, өз беттерінше шкафқа салуды үйрету Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.				
Түскі ас	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті).** **Көркем сөз:** Дастарханның басында Әдептен біз озбаймыз Үлкендердің қасында Қолды бұрын созбаймыз				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) **Балалардың** тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (коммуникативтік әрекет)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***Салауатты өмір салты*** туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. ***Кілемшемен жүргізу*** ***Жалпы дамытушы жаттығулары*** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар ***Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру*** ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. **Көркем сөз:** ***<u>3.Тыныс алу жаттығулары</u>*** Аю жүрді орманда Қорбаң, қорбаң, қорбаңда Көріп қалып жидекті Жұлып алып иіскеді. (2мин, 5 рет)				
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету** Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту. **Көркем сөз:** Ас адамның — арқауы. Нан — тамақтың атасы Ынтымақ — көптің батасы. Тамақтың қадірін білуге үйрету				

Серуен	**Жерде жатқан жапырақтарды бақылау**. Мақсаты: балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. **Қим/ойын: «Қаздар мен бақташы».** Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады. Басқа балалар болады. Ортадан бір сызық созылады. Ол-қаздардың үйі болады. Бақташы қаздарды жайып шығады. Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы: тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар: жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.	**Дала құстарын бақылау. Құстар және түлкі» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру. **Қимылды ойын:"Құстар, бір рет! Құстар, екі!»** Мақсаты: балаларды қимылдарды орындауға үйрету, санауды үйрету. Ойын барысы Мұғалім: "енді ойнайық. Құстың қанша аяғы бар? Ал көз, қанат нешеу?» Құстар, бір рет! (Балалар бір аяғын алға созады.) Құстар, екі! (Екінші аяқты созыңыз.) Скок-скок-скок! (Балалар екі аяғымен секіреді.) Құстар, бір рет! (Балалар қанатын көтереді.) Құстар, екі! (Қанатты көтеріңіз.) Шапалақ! Шапалақ! Шапалақ! (Балалар қол шапалақтайды.) Құстар, бір рет! (Балалар бір көзін қолымен жабады.) Құстар, екі! (Екінші көзді жабыңыз.) "Құстар" көздерін ашып, жүгіреді, қанаттарын бұлғайды, шырылдайды, сықырлайды. Тәрбиеші: "Барлығы, ұшып кетті!» Балалардың қалауы бойынша ойын 2-3 рет қайталанады.	**Күнді бақылауды жалғастыру.** Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. **Қимылды ұлттық ойын: «Ұшты-ұшты»** Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылу мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже-шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік үште, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.	**Көлеңкені бақылау.** Мақсаты: көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту. **Қимылды ойын: «Кім ұшады, жүгіреді, секіреді?»** Жәндіктердің өмірі туралы балалардың түсініктерін кеңейту және тереңдету. Олардың қозғалыс ерекшелігін білу; білуге құмарлығын дамыту. **Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық».** Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.	**Дала құстарын бақылау. Құстар және түлкі» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру. **Қимылды ұлттық ойын: «Тақия тастамақ».** Балалар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқарушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.
Серуеннен оралу	Балалардың серуеннен оралған соң сырт киімдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу, өз беттерінше шкафқа салуды үйрету Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.				

Балалардың дербес іс-әрекеті (Қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".** Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Саусақ жаттығуы.** Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды. **"Лото "Құстар"" үстел ойыны.** Мақсаты: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.	**Саусақ жаттығуы.** Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды. **Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".** Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **"Ою-өрнектерді жина" қазақ халық ойыны** Міндеті: қазақ халқының ою-өрнектерімен таныстыру. Қозғалыс: балалардың алдында үстелде ою-өрнектер бейнеленген суреттер бар. Бүкіл ою-өрнек жасау үшін суретті бөліктерден бүктеуді ұсыну.	**"Құс қайда?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады.	**"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсаты: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова.	**Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".** Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Саусақ жаттығуы.** Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды.
Балалардың үйіне қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу Баланы шығарып салу	«Қауіпсіздік ережесі» суреттер көрмесіне қатысуға шақыру. **Әкелер, аналар мектебі**	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға күздік көрмеге қолдан жасалған бұйымдар жасауды ұсыну. **Әкелер, аналар мектебі**	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу Баланы шығарып салу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.
Білім беру ұйымы «Родничок» бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ.
Балалар жасы: 3- жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы-2025 -2026 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.10.2025 (демалыс)	Сейсенбі 28.10.2025	Сәрсенбі 29.10.2025	Бейсенбі 30.10.2025	Жұма 31.102025
Қазан айы **Құндылық -Тәуелсіздік және патриотизм** **«Отаным - алтын бесігім!»**					
Балаларды қабылдау	Сәлемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **«Менің Қазақстаным»** атты Қазақстан Республикасының әнұранын орындау; **Қазақстан Республикасының Рәміздеріне құрмет көрсету** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі15минут** **Баланың қауіпсіздік ережелерін білуі** Балаңыз қауіпсіздік ережелерін біле ме (от, су, жол қозғалысы)?Өзіне бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасайды? Қандай жағдайларда ата-анасына хабар беру керек екенін біле ме? **Кеңестер: "Балаға өз-өзіне сенімді болуды үйрету"** **Мақсаты:** Балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру. Балаға өз мүмкіндіктерін тануға көмектесу. Баланың өз мүмкіндіктерін бағалау және өз күшіне сену. Балаға мақсат қою және оған жету жолдарын көрсету.				
Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсыру. **сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **суретін салу және жапсыру, мүсіндеу** жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу.	«Менің қуыршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету **Тіл дамыту** Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу дағдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту.	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынына алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **көркем әдебиет)**

Ертеңгілік жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығулар кешені: (15 – 31қазан аралығы)** **Мақсаты:** саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).ҚР әнұранын орындау				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. ***Көркем сөз:*** *Тамақ ішер кезде біз* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені* *Елемейміз білмейміз*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)		"**Біздің жердің құстары"** дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға біздің жердің қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден таба білуге үйрету; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.	"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға біздің жердің қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден таба білуге үйрету; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларғажылқұстарыжә неқыстайтынқұстарбейне ленгенсуреттерұсынылады. Магниттің көмегімен олар жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады.
Сөздік минимум	**Нан, бауырсақ, шай, май, ірімшік, сүт, айран, іш, ас болсын!**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Музыка** Міндетті: Баланы музыканың тамаша әнімен қуанту оның есту тәжірибесін толықтыру. Бил/комп: күз- осень, әке папа, ана – мама, мен -я Таңертеңгі жаттығу	**Қазақ тілі** ***«Ас атасы - нан»*** Нанның қайдан пайда болатындығы туралы түсіндіру. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрыс айтуға машықтандыру.	**Дене тәрбиесі** **Негізгі қимылдар:** 1 метр. Төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** белгіленген бағытты сақтай отырып еңбектеуге үйрету.	**Дене тәрбиесі** **Негізгі қимылдар:** ені – 25 см, ұзындығы 2,5 метр тіке жолмен жүру Кез келген бағытта еңбектеу. Тіке жолмен жүруді үйрету(ені – 25 см, ұзындығы

		1 Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. 2 Музыка тыңдау «Тұлпарым». . Ән айту «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету. . Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. .Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. .Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып . 5. Ойын: Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады.	**Сөздер**: нан, тоқаш, бәліш, тәтті тоқаш Алдымен трактормен жерді жыртады, диқандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады, оны диқандар үнемі суарып отырады. Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппақ болып ұн дайындалады. Қап – қаптармен ұнды наубайханаға тасиды. Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктермен дайын нандарды дүкендерге әкелінеді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печеньелер, бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі. «Нанды қадірлейік» **Ойын «Қуырмаш»**	1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір- біріне домалату әдісін бекіту, допты қолмен лақтыру күшін дамыту. Көз өлшемін, төзімділікті дамыту, достық қарым- қатынасқа, бірлесе ойнауға үйренуге тәрбиелеу. **Ойын: *«Шеңберге шапшаң тұр».* Мақсаты:** бір бағытта жүгіруге жаттығу, зейінін арттыру, шапшаң қозғалысқа үйрету. **Ұлттық ойын: «Орамал тастамақ»** Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап каетеді.Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді.Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.Ойын осылай жалғаса береді.	– 2,5 метр), ауданы шектелген заттың үстінде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді қалыптастыру. Кез келген бағытта еңбектеуге жаттықтыру. Ептілікті, икемділікті дамыту, мейірімділікке, жан-жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Ойын: *«Орныңды тап!».*** **Мақсаты:** зейінін арттыру, өз орнын шапшаң таба білу**.**

		Математика негіздері ойын жаттығуы «Біреу–көп» ойыны. Тәрбиеші фланелеграф тағы бір және көп заттардың суреті салынған плакатты көрсетеді. Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сұрайды. **Ойын: «Көршісін тап»** Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту	**«Жол ережелерін сақтаймын»** Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру ,еске сақтауға **үйрету**, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру ,жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру көзделді. Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік деп балаларға толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	**Жапсыру ойын жаттығу** Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу дағдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. **Ойын жаттығу: Қазақ тілі. Д\о**: «Қандай ағаштың жемісі?» **Мақсаты:** Жеміс ағаштарын айыра біледі, бір- екі сөзден құралған сөйлеммен әңгіме құрап сөйлей алады. **Шарты:** Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілу. (Алма, алмұрт, шие) ағаштары	**Көркем әдебиет ойын жаттығу** Күз мезгілі, жемістер мен көкөністер туралы білімдерін бекіту. Балаларды шеңберге қойып, доппен ойын. Допты бір біріне берер кезде бір бала Жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды. Барлық баланың ойын ойнауын қамтамасыз ету Мысалы: алма, екінші бала алмұрт, үшінші бала пияз т.б., ойын осылай жалғасады**.** Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен		**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүние танымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**	**Құстарды бақылау** Мақсаты: қарғаның сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққатәрбиелеу. Қарға күзде жылы жаққа ұшапайды, қыстың аязынан қорықпайтын, мықтықұс. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына	**Ағаштар мен бұталарды бақылау.** Мақсаты: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыста қалай қыстап шыққандығын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер	**Құстарды бақылау (торғай).** Мақсаты: торғайдыңсыртынантаны п, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Торғай".** Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа,

		Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарын дағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасы мен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырайқаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті – қашқан топтағылардың біреуінұстапалу. Ұсталған ойыншы солтопқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосыпалса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. **"Допты қақпаға домалат" жаттығуы.** Мақсаты: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. **Балалардың еркін ойыны.**	еліктеуге ынталандыру; ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында» жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. **Ұлттық ойын: Сақина жасыру** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен- «Сақина кімде»-деп	болады? - Ағаштар ауаның ластануынан ауаны тазалайды. Сондықтан адамдар ағаштарды көп отырғызады. **«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны.** Мақсаты: табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. **"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ұлттық ойын. Соқыр теке** Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,	Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" – сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" – болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кімқозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".

			сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. **Балалардың еркін ойыны.**	Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады..	Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.
Серуеннен оралу	Балалардың серуеннен оралған соң сырт киімдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу, өз беттерінше шкафқа салуды үйрету Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.				
Түскі ас	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті).** **Көркем сөз:** Дастарханның басында Әдептен біз озбаймыз Үлкендердің қасында Қолды бұрын созбаймыз				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (коммуникативтік әрекет).				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***Жалпы дамытушы жаттығулары*** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар ***Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру*** ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. **Көркем сөз:** **<u>5. Жуыну жолдары</u>** Суым, суым, суым-ай Бетімді менің жудың-ай Алмадай бетім қызарды Таза болдым шіркін-ай. (3мин)				
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету** Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету				

	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту. **Көркем сөз:** Ас адамның — арқауы. Нан — тамақтың атасы Ынтымақ — көптің батасы. Тамақтың қадірін білуге үйрету				
Балалардың дербес іс-әрекеті (Қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**«Қазақтың ұлттық тағамдары» Ойыны** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру, оларды ажыратуға үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға ұлттық тағамдардың суреттері көрсетіледі (бауырсақ, құрт, қымыз). Тәрбиеші әр тағам туралы айтып, балалардан олардың атауын және қандай тағам екенін есте сақтауды сұрайды. **Ұлттық құндылықты дамыту**	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. **Тіл дамыту** Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату	«Менің қуыршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету **Қазақтың ұлттық тағамдары» Ойыны** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру, оларды ажыратуға үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға ұлттық тағамдардың суреттері көрсетіледі (бауырсақ, құрт, қымыз). Тәрбиеші әр тағам туралы айтып, балалардан олардың атауын және қандай тағам екенін есте сақтауды сұрайды. **Ұлттық құндылықты дамыту**	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынына алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету.
Балалармен жеке жұмыс		**«Отбасы мүшелері»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Дербес ойындар.** «Бір үйде біз нешеуміз?» Ата, әже, әке, ана, аға, іні және мен. **Махсудова Аиша** **Боранбай Әли**	**«Түстерді ажырату»** Сурет көрсету. Ойын: «Ақ түсті заттарды ата» Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту **Тілеген Дінмұхаммед** **Амангелді Кәмшат**	**«Жемістер»** **Мақсаты:** жемістерді дұрыс атай білуге үйрету. **Дербес ойындар.** «Себеп» шарты: Себетке жемістерді салып, атау. Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Бектемисова Мадина** **Болатбек Жанторе**	**«Қыстап қалатын құстар»** **Мақсаты:** Қыстап қалатын құстарды дұрыс атай білуге үйрету. **Дербес ойындар.** «Артығын тап» Қарға, торғай, аққу, тоқылдақ, сауысқан. **Қуаныш Жанель** **Серикбаева Айлин**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту**).				
Серуен	.	**Дала құстарын бақылау. Құстар және түлкі» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру. **Қим/ойын: «Орамал тастау».** Балалар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқарушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.	**Күнді бақылауды жалғастыру.** Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. **Қим/ойын: «Ұшты-ұшты»** Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылу мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.	**Аспанды бақылау. Мақсаты:** балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақылау. **Қим/ойын: «Тымпи-тымпи».** Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы: Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді. Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс. Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады. Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп, күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып	**Жерде жатқан жапырақтарды бақылау**. Мақсаты: балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. **Қим/ойын: «Қаздар мен бақташы».** : Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады. Басқа балалар болады. Ортадан бір сызық созылады. Ол-қаздардың үйі болады. Бақташы қаздарды жайып шығады. Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы: тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар: жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып

				би билейді. Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.	басқа балаларға кезек береді.
Серуеннен оралу	Балалардың серуеннен оралған соң сырт киімдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу, өз беттерінше шкафқа салуды үйрету Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (Қимылды, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. Сылдырмақ Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ. *К.Ыбрайұлы* Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. **көркем әдебиет**	«Менің қуыршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту.	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **суретін салу және жапсыру, мүсіндеу** жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу.	**Ұлттық ойын:"Киіз үйіміз әдемі"** **Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының киіз үйімен таныстыру, оның құрылысын түсіндіру және ұжымдық жұмысқа баулу. Құрастыру Сурет салу Жапсыру **Ойын барысы: «Киіз үй»** Балаларға киіз үйдің суреттері көрсетіледі, оның бөліктері мен жабдықтары түсіндіріледі. "Киіз үй құрастырамыз" ойыны – қағаздан дайын элементтерді біріктіріп, желімдеу арқылы киіз үйдің моделін жасау. "Киіз үйді безендір" – балалар қағаздан ою-өрнектер қиып, киіз үйді сәндейді. "Шаңырақ" ойыны – балалар киіз үйдің жоғарғы бөлігін сурет салады.
Балалардың үйге қайтуы		Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу	Ата аналарға балалардың **«Жолда жүру қауіпсіздігі»** туралы кеңес беру	«Мысық неге тамақтанғаннан кейін жуынады?» атты қазақ халқының мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру. **Аналар мектебі**	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Ақбота» бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ.
Балалар жасы: 3- жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы-2025-2026 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **3.11.2025**	**Сейсенбі** **4.11.2025**	**Сәрсенбі** **5.11.2025**	**Бейсенбі** **6.11.2025**	**Жұма** **7.11.2025**
Қараша айы **Құндылық «Әділдік және жауапкершілік»** **Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!**					
Балаларды қабылдау	Сәлемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **«Менің Қазақстаным»** атты Қазақстан Республикасының әнұранын орындау; **Қазақстан Республикасының Рәміздеріне құрмет көрсету** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру**				
«Ата-аналармен немесе баланың басқа заң өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** «Ата-аналарға кеңес. **"Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру"** кеңес беру **«Балабақша ережелері»,** «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» әңгіме жүргізу. **«Балалардың тазалығы»** туралы ата-аналармен әңгімелесу				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Артығын тап.»** **Ойын шарты:** Балалардың алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады. Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту **Тәрбиешімен бірігіп еркін әңгіме құру (қазақ тілі)**	**«Жемістер мен көкөністер»** **Міндеті:** Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру **«Кім тез жинайды»** **Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.	**«Қоянға көмектес»** Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету **Ойын шарты:** Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздеріңді жұмыңдар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына сандарды қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай санның тұрғанын айтып берулерің керек. Ойын 3-4 рет қайталанады.	**«Пішінді құрастыр.»** Ойын мақсаты. Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. **Ойын шарты:** Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек **Танымдық және физикалық дағдыларын дамыту**	**«Үй жануарлары»** Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету **Ойын шарты:** Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту. Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.)

Ертеңгілік жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығулар кешені: (1 – 15 қараша аралығы)** Мақсаты**:** саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). ҚР әнұранын орындау				
Таңғы ас	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Қасықты оң қолмен ұстауға баулу. ***Көркем сөз:*** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	**"Бұл қандай құс?"** дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету. Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. **(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**	**"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(танымдық дағдылар)**	**«Ұлттық ойын-ұлттық қазына»** Мақсаты: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұжым мақсат әрекетіне дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір - біріне деген құрмет, жеңуге деген ұмтылысты дамыту. Ой - өрісін, жадын дамытып, әрекет үйлесімін жетілдіру. **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру	**Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! **(Тіл дамыту)**	**"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарын айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, тіл дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нанүгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті – қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. **(қазақ тілі)**
Сөздік минимум	**Сөздер:** бір, екі, үш, төрт, бес... **Сөз тіркесі:** бір аю, екі машина, үш қоян..				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Негізгі қимылдар:** бір қатарға сапқа тұру. Сап түзеп бір қатармен жаяу жүру. **Мақсаты:**саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарынқалыпта стыру. **Міндеттер**: саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, зейінін дамыту. Салауатты өмір сүруге дайындау. **Ұлттық ойын:** **Ақсерек-көксерек.** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан ұстап тұрады.Ара қашықтық 20-30 қадам. 1- ші топ. Ойынды бастайды Ақсрек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек –ау ақ серек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек.Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады,өте алмаса сол топта қалады.Ойын осылай жалғаса береді.	**Музыка** Міндетті: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну; ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту; музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Билингвальный компонент: қол - рука, аяқ - нога, бас – голова 1. Залға кіру: «Сайқымазақ»Д.Кабалевский 2. Музыка тыңдау «Маракас». 3. Ән айту «Жас өркені», « Отаным». 4. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар: «Сайқымазақ» Д.Кабалевский, музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау 5. Би. «Сәлемдесу» 6. Музыкалық аспаптарында ойнау: маракас дыбысталуымен таныстыру, ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.ғу.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тура және кері санауды үйрету. Тілдерін жаттықтырып, сандарды ажырата білуге үйрету.. **Сөздер:** бір, екі, үш, төрт, бес...**Сөз тіркесі:** бір аю, екі машина, үш қоян.. . «Ғажап қоржын» д/ ойыны Балалар, мына қоржын ішінде неше ойыншық бар екен. -Балалармен бірге санайды. 1,2,3,4,5. Қоржынның екінші басында не бар екен?. Екінші басын ашады. Асық нешеу? «Тапсырманы орында» Шарты: Педагог сандарды көрсетеді. Мыс: 2 санын көрсетеді. **Сергіту сәті:** Бір, екі, үш! Жинап алып күш, Үш, төрт, бес Күнге қарап өс! «Ханталапай» ұлттық ойыны. Шарты: шашылған асықтарды жинау және сану. **Санамақ айтайық** 1 - дегенім – бесік, Шықтым содан өсіп, 2 - дегенім - елім, Далам, тауым, көгім, 3 - дегенім - үміт, Үміт артар жігіт. 4 - дегенім - төзім, Төзе білем өзім. 5 - дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт. Ойын: **«Нешеуі жоқ?», «Көршісін тап?» ойындарын ойнату** Шарты: сандарды жасыру.	**Дене тәрбиесі** Негізгі қимылдар: шеңбер құрып сапқа тұру. Сапқа тұрып берілген белгі бойынша тоқтап, бір қатармен жаяу жүру. **Мақсаты:** денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. **Міндеттері:** сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз іс-әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу. Зейінін дамыту, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, жинақылыққа тәрбиелеу, спортзалда өтетін жаттығуларға сергек көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру. **Ойын:** ***«Ең жылдам».*** **Мақсаты**: тікелей бағытта жүгіруге үйрету, жылдамдықты дамыту	**Дене тәрбиесі** Негізгі қимылдар: сапқа бір қатар болып тұру, сапта бір қатармен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап қуыршақты қолда ұстап, баспалдақпен төбешікке (горка) көтерілу, тұтқаларынан ұстамай, төмен қарай отырып сырғанау. ойын тапсырмалары бойынша қуыршақтарды қолдану арқылы сапқа бір қатарға тұра білуді бекіту. Қуыршақты құшақтай жүріп, қырға баспалдақпен көтерілгенде және төмен қарай сырғанағанда тепе-теңдікті сақтай білуді үйрету. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, дене тәрбиесі сабағына қызығушылықты арттыру. **Ойын:** ***«Күлше нан».*** **Мақсаты**: шеңбер бойына сапқа тұруға жаттықтыру, шеңберді айнала жүруге, ойын ережелерін орындауға үйрету. **Ұлттық ойын:** **Ақсерек-көксерек.** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан ұстап тұрады.Ара қашықтық 20-30 қадам. 1- ші топ. Ойынды бастайды Ақсрек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек –ау ақ серек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

					Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек.Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады,өте алмаса сол топта қалады.Ойын осылай жалғаса береді.
	Қазақ тілі. **Ойын жаттығу:** **Д\о**: «Қандай ағаштың жемісі?» **Мақсаты:** Жеміс ағаштарын айыра біледі, бір- екі сөзден құралған сөйлеммен әңгіме құрап сөйлей алады. **Шарты:** Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілу. (Алма, алмұрт, шие) ағаштары Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарындашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермек саздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер	**Тіл дамыту** **Ойын жаттығу** Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата. - Күз мезгілі несімен қызықты? - Күздің неше айы бар? - Күзде адамдар қандай еңбек жасайды? **Дыбыстық жаттығу** Үз-үз-үз Келді күз ән-ән-ән Қамба толы дән. ар-ар –ар Дала толы қар; ер-ер-ер Жемістерді тер. ры-ры-р ы Жапырақтар сары; **Тақпақ жаттайық** Алтын сары, қызыл, көк Алуан алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.	**Математика негіздері** **Ойын жаттығу** Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. **Ойын: «Көршісін тап»** Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту	**Жапсыру** **Ойын жаттығу** Дайын геометриялық пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру. **Ойын: "Геометриялық фигуралардан жануарларды жинаңыз"** Мақсаты: аппликацияда бейнеленген заттардың санын (құстар, жануарлар, гүлдер, жәндіктер, үйлер, нақты және елестетілген) дайын формалардан кеңейтуді жалғастыру. Материалдар: геометриялық фигуралар, жануарлар карталары. Ойын барысы: балаларға кез-келген жануардың картасын таңдап, геометриялық фигуралардың көмегімен жануарды жинау ұсынылады.	**Көркем әдебиет** **Ойын жаттығу** «Тату-тәтті отбасы» мақсаты: Балалар ойын арқылы отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді. **Саусақ ойыны:** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым атам Бала үйрек әжем Ортан үйрек әкем Кішкене бөбек анам Шылдыр шүмек мен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
